

Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі

Орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (колледж) бітірушілер ҰБТ-ға қатысу үшін университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) 3 x 4 көлемдегі екі фотосурет;
- 3) орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатты (түпнұсқа);

Ескерту:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (колледждің) күнтізбелік жылғы бітірушілері білімі туралы құжаттың орнына белгіленген нысан бойынша білім алған мамандығының (біліктілігінің) коды мен атауын көрсете отырып, өзі оқыған білім беру ұйымы беретін, ағымдағы жылы оқуды аяқтағандығы туралы анықтама береді.

- Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ күнтізбелік жылғы бітірушілер аттестат немесе дипломның орнына еркін түрдегі нысан бойынша өзі білім алатын орта білім беру ұйымының анықтамасын және осы анықтаманың нотариалды куәландырылған қазақша немесе орысша аудармасын тапсыра алады.

- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 5) электронды нысандағы 086-У нысандағы медициналық анықтаманы тапсырады.